

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қыркүйектегі № 947 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті» мемлекеттік мекемесін оған қосу жолымен;

2) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерін оларға қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

2-тармақтың 5) тармақшасы алынып тасталсын;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

12

қыркүйектегі

№ 947

қаулысына

қосымша

9. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Қызылорда облысы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік мекемесі.

10. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Қостанай облысы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік мекемесі.

11. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік мекемесі.

12. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Павлодар облысы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік мекемесі.

13. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік м е к е м е с і .

14. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік м е к е м е с і .

15. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Алматы қаласы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік мекемесі.

16. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік мекемесі.